



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№40/170
4 қазан



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР МЕН ҚАДІРЛІ АҚСАҚАЛДАР!

Сіздерді жылы жүректен 1 қазан – Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздер – біздің елдің рухани байлығы, тәлімгері, өмір мектебінің шежіресі, ұрпаққа өнеге болатын кемел тұлғаларсыздар. Сіздің бай тәжірибеңіз бен даналығыңыз, қажырлы еңбегіңіз еліміздің берекесін нығайтып, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуде аса маңызды рөл атқарады.

Еліміздің тыныштығы мен өркендеуі, жастардың жарқын болашағы – Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің жемісі. Сондықтан Сіздерді әрдайым құрметтеп, қадірлей білу – біздің парызымыз.

Бұл мерекеде Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығы мен отбасыңыздың амандығын тілейміз. Алдағы күндеріңіз қуаныш пен шаттыққа толы, әрбір сәтіңіз бақыт пен берекеге кенелсін!



УВАЖАЕМЫЕ ВЕТЕРАНЫ И ПОЧЁТНЫЕ СТАРЕЙШИНЫ!

От всей души поздравляем вас с 1 октября — Международным днём пожилых людей!

Вы — духовное богатство нашего народа, наставники, живые легенды жизненного опыта и пример для подрастающих поколений. Ваша мудрость, богатый жизненный путь и неустанный труд играют важнейшую роль в укреплении единства и стабильности общества.

Мир, благополучие и процветание нашей страны, светлое будущее молодых людей — это плоды вашего усердия и самоотверженности. Именно поэтому для нас — долг и честь уважать и заботиться о вас всегда.

В этот особенный день желаем вам крепкого здоровья, долгих лет жизни, душевного спокойствия и семейного благополучия. Пусть каждый день приносит радость, счастье и благодать!

*Аким города Ахметов М.Т.
Председатель городского маслихата Исатаев А.Н.*



ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

Сіздерді шын жүректен 5 қазан – Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз!

Ұстаздық – ең абыройлы, жауапты әрі ұлы мамандық. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз, жүрек жылуыңыз бен өнегелі істеріңіз арқылы еліміздің әрбір азаматы білім алып, бойына адалдық пен әділдік, адамгершілік қасиеттерін сіңіреді.

Сіздердің үлгі-өнегелеріңіз, кәсіби шеберліктеріңіз, шәкірттеріңізге деген шексіз махаббаттарыңыз – болашақ ұрпақтың жарқын болашағының негізі. Елдің өркендеуіне және әлеуметтік-рухани дамуына қосқан еңбектеріңіз зор.

Білім мен тәрбие берудегі сіздердің қажырлы еңбектеріңіз – ел болашағын қалыптастыратын басты күш. Жас ұрпақтың бойына патриоттық рухты, ізгілікті және жауапкершілікті ұялату – сіздердің басты миссияларыңыз. Әр шәкіртіңіздің жетістігі – сіздердің еңбектеріңіздің жарқын жемісі.

Барша ұстаздарға зор денсаулық, бақыт, отбасы амандығы мен шығармашылық табыстар тілейміз. Әр күндеріңіз қуаныш пен мақтанышқа толы болсын, шәкірттеріңіз әрдайым сіздердің еңбектеріңіздің жемісін берсін!

УВАЖАЕМЫЕ ПЕДАГОГИ!

Поздравляем вас с 5 октября — Днём учителя!

Профессия учителя — одна из самых почётных и ответственных. Благодаря вашему самоотверженному труду, теплоте сердца и мудрому наставничеству каждый гражданин нашей страны получает знания, впитывает в себя честность, справедливость и человеческие ценности.

Ваши пример и мастерство, ваша безграничная любовь к ученикам — это фундамент светлого будущего нашего общества. Ваш вклад в развитие страны и её духовно-социальное процветание неоценим.

Ваш труд в сфере образования — это фундамент, на котором строится будущее нашего общества. Воспитание патриотизма, доброты и ответственности в молодом поколении — главная задача каждого из вас. Каждый успех ваших учеников — это лучшая награда и доказательство вашей преданности делу.

Желаем всем педагогам крепкого здоровья, счастья, семейного благополучия и творческих успехов. Пусть каждый день приносит радость и гордость, а ученики всегда станут достойной наградой вашему труду!

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІ ЕРМАҒАНБЕТ
БӨЛЕКПАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ****ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПРИНЯЛ
АКИМА КАРАГАНДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ ЕРМАҒАНБЕТА
БУЛЕКПАЕВА**

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық даму барысы баяндалды.

Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, барлық негізгі көрсеткіш бойынша тұрақты өсім байқалады. Биылғы сегіз айда облыста 3,2 триллион теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7 пайызға артық. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібінің өңірлік жалпы өнімдегі үлесі артып келеді. Металлургия, машина жасау, ауыл шаруашылығы, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өндіріс көлемі ұлғайды.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 644,7 миллиард теңгені құрап, 11,1 пайызға өсті. Биыл жалпы құны 195 миллиард теңге болатын 29 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 2 700-ден астам жаңа жұмыс орны пайда болады. 2030 жылға дейінгі жоспарда құны 4,5 триллион теңгені құрайтын 120 ірі жобаның пулы жасақталды. Бұл бастамалар 20 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін азайтуға бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатқаны жөнінде айтылды. Ауыл шаруашылығында ірі жобалар іске асырылуда. Атап айтқанда, екі ірі тауарлы сүт фермасының құрылысы аяқталған соң, өңірдің сүтке деген сұранысы толық қамтамасыз етіледі.

Мемлекет басшысына «Qarmet» АҚ қызметі туралы ақпарат берілді. Компания сегіз айдың ішінде өндірісті жаңғыртуға 110 миллиард теңге инвестиция салған. Нәтижесінде шойын өндіру – 6 пайызға, болат – 6,9 пайызға, илемдеу 5 пайызға артқан. Metallургия комбинатында жаңа коксты батареялар, құю-илемдеу кешені, сұрыптап илемдеу цехы секілді ауқымды жобалар қолға алынған. Сондай-ақ кәсіпорын біртіндеп табиғи газға көшуде, алғашқы кезең толық аяқталды. Шахталардағы жағдай да оң нәтиже көрсете бастады: көмір өндіру көлемі 15 пайызға артқан. Еңбек қауіпсіздігін күшейтуге арналған іс-шаралар қолға алынған.

Кездесу соңында Президент өңірді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді. Қасым-Жомарт Тоқаев қалалар мен елді мекендерді жылумен тұрақты қамту мәселелерін ерекше назарға алу, сондай-ақ «Qarmet» АҚ кәсіпорнындағы өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін жүктеді.

Президент заслушал доклад о социально-экономическом и инфраструктурном развитии Карагандинской области.

Как сообщил Ермағанбет Булекпаев, по всем ключевым показателям отмечается положительная динамика. За 8 месяцев в регионе произведено промышленной продукции на 3,2 трлн тенге, рост составил 7%. Растет доля обрабатывающей промышленности в валовом региональном продукте. Увеличились объемы производства в металлургии, машиностроении, сельском хозяйстве, легкой и пищевой промышленности.

В основной капитал привлечено 644,7 млрд тенге инвестиций, с ростом на 11,1%. В этом году в области запланирована реализация 29 инвестиционных проектов на 195 млрд тенге с созданием более 2 700 новых рабочих мест. До 2030 года сформирован пул из 120 инвестпроектов на 4,5 трлн тенге, реализация которых позволит создать 20 тыс. новых рабочих мест.

Касым-Жомарт Токаев был проинформирован о работе по сокращению зависимости продуктового рынка от импорта. В сельском хозяйстве реализуются крупные проекты. В частности, строительство двух молочно-товарных ферм в ближайшие годы полностью закроет потребность области в молоке.

Главе государства была представлена информация о деятельности АО Qarmet. За 8 месяцев компания вложила 110 млрд тенге в модернизацию предприятия. Производство чугуна выросло на 6%, стали – на 6,9%, проката – на 5%. На металлургическом комбинате реализуется ряд крупных проектов: строительство литейно-прокатного комплекса, новых коксовых батарей, сортопрокатного стана. Qarmet поэтапно переходит на природный газ, при этом первый этап газификации уже завершен. Кроме того, отмечается положительная динамика работы шахт: добыча угля увеличилась на 15%. Реализуются мероприятия, направленные на усиление безопасности труда.

По итогам встречи Президент дал ряд поручений, направленных на дальнейшее социально-экономическое развитие региона и повышение благосостояния населения. Касым-Жомарт Токаев поручил взять на особый контроль вопросы стабильного теплоснабжения городов и населенных пунктов, а также обеспечение промышленной безопасности на предприятиях АО Qarmet.



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ҰСТАЗДАР КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

«Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында Ұстаздар күніне арналған «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік концерт өтті.

Салтанатты шарада қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы ұстаздарға жүрекжарды тілегін жеткізіп, білім саласы қызметкерлерінің еңбегін жоғары бағалады.

Мереке барысында бірқатар ұстаздар мен педагогтар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, Қарағанды облысы білім басқармасының, сондай-ақ қала әкімі, қалалық мәслихат пен білім бөлімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталды.

Концерттік бағдарламада мектеп оқушылары мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетіп, кештің хедлайнері – жас эстрада жұлдызы Мәди Ахметқожа әсем әндер орындады.

Бұл күн – ұрпаққа білім мен тәрбие беріп, бар ғұмырын шәкіртке арнаған ардақты ұстаздарға деген ерекше құрмет пен алғыс күні.

Құрметті ұстаздар! Сіздердің еңбектеріңіз – ел болашағының алтын қазығы. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Приозерск қаласының әкімдігі

В ПРИОЗЕРСКЕ ОТПРАЗДНОВАЛИ ДЕНЬ УЧИТЕЛЯ

В Центре детского и юношеского творчества «Достық» состоялся праздничный концерт «Имя учителя – высоко и вечно», посвящённый Дню учителя.

С поздравительной речью к педагогам обратился аким города Ахметов Мансур Талгатович, отметив огромный вклад работников образования и выразив искреннюю благодарность за их труд.

В ходе мероприятия ряд учителей и педагогов были награждены Почётными грамотами и Благодарственными письмами Министерства просвещения РК, управления образования Карагандинской области, а также акима города, городского маслихата и отдела образования.

В концертной программе выступили школьники и творческие коллективы. Хедлайнером вечера стал молодой эстрадный исполнитель Мади Ахметқожа, подаривший зрителям свои песни.

Этот день – особый повод выразить признательность и уважение уважаемым педагогам, посвятившим свою жизнь воспитанию и обучению подрастающего поколения.

Дорогие учителя! Пусть ваш нелёгкий, но благородный труд всегда будет в почёте. С праздником!

Акимат города Приозерск

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ЗЫМЫРАН ӘСКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АРТИЛЛЕРИЯ КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

«Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында Зымыран әскерлері және артиллерия күніне арналған салтанатты концерт өтті.

Іс-шарада Приозерск қаласының әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы әскери қызметкерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың ел қорғаны ретіндегі адал қызметіне алғысын білдірді.

Мерекелік шара барысында 06708 әскери бөлімінің үздік әскери қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекелеріне орай қала әкімінің Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сонымен қатар, жиынға қатысушыларға Приозерск гарнизонының басшысы, әскери прокуратура және өзге де бөлімдердің өкілдері ізгі тілектерін білдіріп, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтаудағы сарбаздардың еңбегін жоғары бағалады.

Мерекелік концертте «Вдохновение», «Кербез» би ансамбльдері мен каламыздың өнерпаздары патриоттық әндер орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Зымыран әскерлері және артиллерия күні – ел тыныштығы мен бейбіт өмірдің кепілі болған жауынгерлерге деген құрмет күні!

facebook.com/priozersk.akimdigi



В ПРИОЗЕРСКЕ ОТПРАЗДНОВАЛИ ДЕНЬ РАКЕТНЫХ ВОЙСК И АРТИЛЛЕРИИ

В Приозерске состоялся торжественный концерт, посвящённый Дню ракетных войск и артиллерии.

Аким города Ахметов Мансур Талгатович поздравил военнослужащих с профессиональным праздником, выразив благодарность за их преданную службу и вклад в укрепление обороноспособности страны.

В рамках праздничного мероприятия отличившиеся военнослужащие воинской части 06708 были награждены Почётными грамотами и Благодарственными письмами акима города.

Кроме того, с поздравлениями и добрыми пожеланиями к присутствующим обратились представители гарнизона Приозерска, военной прокуратуры и других подразделений, отметив важность службы защитников Отечества в обеспечении мира и безопасности страны.

На праздничном концерте творческие коллективы города — танцевальные ансамбли «Вдохновение», «Кербез» и солисты — исполнили патриотические песни, подарив зрителям приподнятое настроение.

День ракетных войск и артиллерии — это день уважения и признательности защитникам Родины, стоящим на страже мира и спокойствия!

facebook.com/priozersk.akimdigi

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: «Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыру жұмысы жалғаса береді». Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі.

«Ана тілі - халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ

Елімізде дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы қолданылып келеді.

Азаматтық процестік кодексінің 150-бабына сәйкес, Судья талап қою келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Сотқа дейінгі хаттама жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Шақыруда тараптар татуласу рәсімі (бітімгершілік келісім, медиация, партисипативтік рәсім) шеңберінде дауды (жанжалды) шешу құқығын түсіндіре отырып, сотқа талап қоюдың келіп түскені, татуласудың артықшылықтары туралы, сондай-ақ Азаматтық процестік кодексінің 73-

Тіл – ұлтымыздың болмысы, таусылмас қанымыз. «Өнер алды – қызыл тіл» деп санаған халқымыз анасының ақ сүтімен бірге дарыған тілінің тазалығын, тілінің байлығын қастерлеп, оның болашағына бей-жай қарамаған. Бәрімізге белгілі, егеменді еліміздің тәуелсіздігін айқындайтын негізгі конституциялық құқықтық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл болып табылады.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілді білуге, қастерлеуге деген талап күннен – күнге жоғарылап келеді. Соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер ана тілінде сөйлеп, ана тілінде сауатты жаза білулері қажет.

Приозерск қалалық сотының бас маманы С.Байдрахман

бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы хабардар етіледі.

Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінісхат, егер заңда өзгеше көзделмесе, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша мәлімделуі мүмкін.

Яғни, өркениетті елдердегідей бейтарап медиаторды тарту арқылы істі бітімге келтіріп, заманауи құқықтық жүйенің дамуына ықпал етуі тиіс.

Медиация тәсілі адам құқықтарын ең қымбат қазынасы ретінде қастерлейтін мемлекеттің алғышарты болуы тиіс.

Өйткені медиацияның біздің елімізде болашағы зор. Оны бірдеңгейде қолдасак, медиация халқымызға игі әсерін тигізеді анық.

Приозерск қалалық сотының әкімшісі басшысы Д.А.Сатыбалдин

ОҚЫРМАНҒА ОЙ САЛҒАН 100 КІТАП



Қазақ әдебиетін кеңінен насихаттауды көздейтін жаңа жоба – «100 кітап» сауалнамасы басталып, Абай күні қарсаңында аяқталды. Сауалнама eGov.kz порталында жүргізілді. Үш айға созылған «100 кітап» жалпыұлттық жобасына 100 мыңнан астам адам қатысып, өз тандауын жасады. Бұл бастаманың негізгі мақсаты – жастарды кітап оқуға баулу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұрпақтың ой-санасын кеңейту. «100 кітап» бағдарламасы арқылы жас буын әдебиеттің алтын қорымен сусындап, қоғамның мәдени дамуына үлес қосары сөзсіз.

«100 кітап» жалпыұлттық сауалнамасының қорытындысы Ұлттық құрылтайдың ресми сайтында жарияланды. Тізімге қазақ және әлем әдебиетінің озық үлгілері, тарихи еңбектер мен заманауи прозалар енген. Бұл кітаптар – тек оқу үшін емес, ойлану, түсіну және өзіңді тану үшін маңызды рухани азық!

Бұл жоба биылдан бастап тұрақты түрде жалғасын тауып, тізім жаңартылып отыратын болады. Баптамаға белгілі қаламгерлер мен

сарапшылар да атсалысып, дауыс берді.

Бұл жоба қазақ әдебиетін насихаттауға ықпал етіп қана қоймай, кітап өндірісіне де, кітапхана ісіне де соны серпін береді.

Қорытынды тізімге қазақстандық классикалық шығармаларынан бастап, қазіргі заман авторларының да туындылары енді. Тізім құрамына көркем әдеби роман мен повестер, өлең жинақтары кірді.

«100 кітап» жобасы – ұлтымыздың болмысын айшықтайтын, қалың оқырманның әдеби талғамын қалыптастыратын, келер ұрпаққа рухани бағыт-бағдар болатын маңызды қадам.

Кітап – мәңгілік мұра, сарқылмас қазына. «100 кітап» – тек жоба емес, ол – елдің ертеңіне салынған рухани көпір. Әрбір жас оқырман осы бастамадан өзіне қажетті ой түйіп, өміріне бағдар табары анық.

Жаңа әлемнің есігін кітап арқылы аш!

*«Приозерск қалалық кітапханасы» кмм
библиограф Мукушева Г.К*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №40/170, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.